

Зейнетақы аннуитетінің артықшылығы

- ✓ Заңмен белгіленген зейнетақы жасын күтпей-ақ зейнетақы төлемдерін алу мүмкіндігі;
- ✓ Өмір бойғы аннуитеттік төлемдер;
- ✓ Мұрагерлер үшін төлемдердің кепілдік берілген кезеңін белгілеу мүмкіндігі;
- ✓ Аннуитеттік төлемдерді жыл сайынғы индекстеу.

Төлемдерді үш көзден алу мүмкіндігі:

- ✓ Базалық мемлекеттік зейнетақы (1998 жылға дейінгі еңбек өтілі);
- ✓ Ынтықмақты зейнетақы (1998 жылға дейінгі еңбек өтілі);
- ✓ «МАК» ӨСК» АҚ өмір бойғы аннуитеттік төлемдері;
- ✓ Зейнеткерлік жасқа жеткен кезде зейнетақы қорынан төленетін төлемдер (сақтанушы жұмысын жалғастыра отырып, БЖЗҚ-да зейнетақы аударымдарын жинақтай алады).



Зейнетақы аннуитеті шартын жасасу үшін

Сізге келесі құжаттармен жүгіну қажет:

- ✓ Жеке куәлік;
- ✓ БЗЖҚ-дан үзінді көшірме;
- ✓ Банк деректемелері көшірмесінің түпнұсқасы .

Камераны QR-ге салып жіберіңіз



QR сканерлеңіз


ЗЕЙНЕТАҚЫ АННУИТЕТІ

Сіздің болашағыңыздың кепілі

Зейнетақы төлемдерін неше жастан бастап алуға болады?

Қазақстан Республикасында зейнеткерлік жас ерлер үшін 63 жасты құрайды, ал әйелдер үшін 2022 жылы 60 жарым жасты құрайды және 2027 жылға дейін әр жылы жарты жылға арттырылады. Алайда, зейнеткерлік жастың басталуын күтпей-ақ, зейнетақы аннуитетін жасауға болады.

2022 жылы зейнетақы аннуитеті шартын жасасу үшін жинақтардың ең аз сомасы



*Соңғы 5 жыл ішінде МКЗЖ төленген адамдар үшін

Зейнетақы аннуитеті - бұл **ай сайынғы зейнетақы төлемдері**, олар ерлерге 55 жастан бастап, ал әйелдерге 2022 жылы 52,5 жастан бастап төленеді. Төлемдерді сіз шарт жасасқан сақтандыру ұйымы жүзеге асырады. Аннуитет алуға өтініш беру үшін ерлер үшін зейнетақы қорындағы жинақ кем дегенде 7,4 млн. теңге, әйелдер үшін 10 млн. теңге болуы керек.

Егер сіз **қауіпті өндірісте**, мысалы, шахтада жұмыс істесеңіз және сіз үшін жұмыс беруші соңғы 5 жыл ішінде міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын (бұдан әрі – МКЗЖ) аударған болса, онда сіз сақтандыру ұйымымен шарт жасасып, 50 жастан бастап төлемдер ала аласыз. Бұл ретте зейнетақы шотыңызда жеткілікті жинақ сомасы болуға тиіс (ерлер үшін – 8,3 млн. теңге, әйелдер үшін – 10,3 млн. теңге).

Кейінге қалдырылған зейнетақы аннуитеті бағдарламасы қолданылады, ол сақтандыру ұйымымен 45 жастан бастап аннуитет шартын жасасып, 55 жасқа толарда есептелген инвестициялық табысты ескере отырып, зейнетақы төлемдерін алуға мүмкіндік береді.

Жұмыс берушісі соңғы 5 жыл ішінде МКЗЖ жасаған адамдар 40 жастан бастап кейінге қалдырылған аннуитет шартын жасай алады және 50 жастан бастап төлемдерді ала алады.

